



# ЖЕЛТІСІ

## ШУВЫМАСЫ

РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ



№ 23 (8755) жұма 7 маусым 2019 жыл.  
Eskeldi\_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

### ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

## ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ЖАҒЫРЫҒЫ ЖАДЫМЫЗДА



31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мақсатында Шымыр ауылындағы Рүстембек Сағатбек көшесінде нәубет жылдары жазықсыз жапа шеккен, аштық тауқыметін көрген асыл азаматтарымызды еске алу, рухтарына тағзым ету мақсатында «Зұлмат жылдар жаңғырығы» митингісі өтті. Митинг ескерткіш тасқа гүл шоқтарын қою рәсімі мен үнсіздік минутынан бастау алды.

1998 жылы Рүстембек Сағатбек көшесіне арнайы ауыл азаматтары ескерткіш тасын орнатқан болатын. Сол жылдан бері, яғни 20 жылдан астам дәстүрлі қуғын-сүргін құрбандарын еске алу барысында митинг өткізіліп келеді. Соңғы жылдары ресми түрде осы ескерткіш мемлекетіміздің қорғауында, ескерткіштер тізіміне алынып, үкіметтен қаржы бөлініп, ескерткіштің маңайы абаттандырылды. Бұл – жеке адамның немесе отбасының емес, бүкіл халық басына келген апат болды.

Біз бұл күнді қаралы күн деп атап өтіп, оңай айта салғанымызбен, оның түбінде үлкен қайғы-қасірет жатыр.

ауылының Рүстембек Сағатбек көшесіндегі зиратта жерленген.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Боранбаев, ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Оразалинов, жастар ресурстық орталығының жетекшісі С.Жолдыбаев 1930-1953 жылдар аралығындағы қиын кезеңді еске алып, бүгінгі күнгі бейбіт өмірді бағалау керектігімізді айтты. Қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарына арнап ауыл мешітінің имамы құран бағыштады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақ халқы дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан халық. Ал тарих – өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге үлгісі. Сол тарихтан сабақ алып, қайсар балаларымыздың арман-мұратын әркез санамызда сақтап, жадымызда жаттайық», – деген. Алашордашы азаматтар елдің бақытты ғұмырын көре алмаса да, оны кейінгі ұрпақ, яғни біз көріп отырымыз. Осы азаттықты аялай, асыл азаматтарымызды ардақтай білейік. Зұлмат жылдар жаңғырығы артта қалып,

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып аталған 1997 жылдан бастап атап өтіледі. Тәуелсіз Қазақстанда алғашқы болып қабылданған заңдардың бірі - 1993 жылғы сәуірдің 14-індегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы. 1930 жылдары Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған және 25 мың адам ату жазасына кесілген. Нақ осы жылдары қазақстандық ғылым, мәдениет және саясат саласының зиялы қауым өкілдері атылған. Жалпы 1930-1953 жылдары аралығында 40 миллионнан астам кеңес азаматтары репрессияға ұшыраған. Әсіресе бұл заңсыз жазалауға Кеңес Одағы құрамында болған барлық халықтар мен ұлттардың бетке ұстар интеллектуалдар өкілдері ұшыраған. Осы кезеңде қазақтардың 40 пайызы қаза тапқан.**

тауқыметі және ашаршылық салдарынан мерт болды. Олардың біразы осы Шымыр

өмірлері шуақты, нұрлы болуына тілектес болайық.

**Зейнегүл ЖҰМАБЕКОВА.**

### 4 маусым - МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

## МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ



Еркіндігіміздің Көк байрағы көкте желбіреп, Елтаңба төрде орнығып, Гимн шырқай орындалғанда, ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы егімендігімізді аңсағанын түсінесің. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның Туы, Елтаңбасы және Гимннің заңнамалық мәртебесін белгілейтін тұңғыш заңға қол қойған күнді республика жұртшылығы жоғары көңіл-күймен атап өтуді дәстүрге айналдырды.

4 маусым күні аудандық Мәдениет үйінің алаңында Қарабұлақ ауылдық округінің әкімшілігі, ішкі саясат бөлімі, мәдениет және мемлекеттік тілдерді дамыту бөлімі және жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен мемлекеттік рәміздер күніне орай мерекелік іс-шара өтті.

Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің орынбасары С.Оңалбаев жұртшылықты мерекені құттықтап, мемлекеттік рәміздерді ұлықтап, жалпы ауданның рухани дамуына үлесін қосып жүрген қызметкерлерге алғыс хат тапсырды. Сонымен қатар, мәдениет және мемлекеттік тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Б.Ергалиева және жастар ресурстық орталығының маманы Қ.Құрманғалиев аталған күннің маңыздылығына тоқталды.

Мерекелік шара әсем ән мен көркем биге ұласты.

**З.ЖҰМАБЕКОВА.**

## ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН!



Бала – отбасының көз қуанышы, өмір қызығы. Ертеңгі күні бала ер жетіп, отбасының қамқаршысына айналады. Балаға жастайынан дұрыс тәрбие беріп, өмір құндылықтарын бағалауға үйрету – ата-ананың міндеті. Қоғам тарапынан баланың дұрыс жетіліп, дұрыс өсуіне үлкен мән беріледі. Елімізде балалар құқығы заңмен қорғалады. Әрбір бала мектепте оқып, өзге балалар секілді білім алуға, мемлекеттен бөлінетін грантты иеленуге, тегін медициналық көмек алуға, мемлекеттік жұмыспен қамтамасыз етілуге құқылы.

1 мамыр – Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл күні барша бүлдіршіндерге үлкен құрмет көрсетіліп, оларға арналып, концерт қойылып, әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Осы мерекеге орай, жақында аудан орталығында балалар күні аталып өтті. Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі Берік Дүйсебаев салтанатты жиында сөз алып, барша балаларды айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін жаудырды.

Мерекені тойлауға мектеп оқушылары мен балабақша бүлдіршіндері өте жақсы дайындалған. Олар концерттік бағдарламаларын халыққа ұсынып, көпшіліктің қошеметіне бөленді. Жез тандайлы жас бүлдіршіндер өлең айтып, оқушылар көздің жауын алар киімдерін киіп, түрлі ұлт өкілдерінің биін биледі. Ауданымызда қыздардан құрылған

«Аяназ» би тобы мың бұрала би билеп, көпшілікті әсем билерімен тандандырды. Сонымен қатар, балаларға арналып асфальтта сурет салу сайысы ұйымдастырылды. Қо-лыннан өнер тамған балалар бор алып, еркін тақырыпта сурет салды. Олар салған туындыларда бәйтерек, мультфильм кейіпкерлері, ғарыш айлағы бейнеленген. Мұндай идея балалардың бір-бірімен жақын достасып, көңіл сергітуге ықпалын тигізді.

Салтанатты шерудің соңында аудандық білім бөлімі айтулы мерекені атап өтуге жиналған балалардың барлығына балмұздақ таратып берді. Бала қуанса, әлем де бірге қуанады. Олардың қуанышын ұзағынан сүйіндіру біздің басты парызымызға айналуға тиіс.

**Алима НҮСІПОВА.**

## МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ



Облыстық «Мерейлі отбасы» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау сәті Талдықорған қаласындағы Илияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтті. Облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев марапаттау кешіне арнайы қатысып, сайысқа қатысқан барлық отбасына амандық тілеп, оларды алғыс хатпен және сертификатпен марапаттады. Бойында өнер тұнып тұрған отбасыларды анықтайтын сайысқа ауданымыздан Қасеновтар отбасы қатысты. Олар конкурстың үш кезеңінен мүдірмей өтіп, II орынның тұғырынан көрініп, 300 мың теңге сертификатты иеленді. Биік шыңды бағындырып, конкурста өз өнерлерін ортаға салған Қасеновтер отбасын жеңісімен құттықтаймыз. Алдағы уақытта Қасеновтер отбасына шаңырағының шайқалмай, бақытының сарқылмай, тек биіктерден көріне берсін деп тілейміз.

**Алима НҮСІПОВА.**

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматы облысы, «Ескелді ауданының қаржы бөлімі» ММ аудандық коммуналдық меншігіндегі нысандарды сату жөнінде электронды аукцион өткізу туралы хабарлайды.

Аудандық коммуналдық меншігінің нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысымен бекітілген жекешелендіру нысандарын сату қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукцион 2019 жылғы 25 маусымда сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өткізіледі. (Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен).

Сауда-саттықтың бағасын төмендету әдісімен аукционға қойылады:

1. «Kia Cerato» автокөлігі, 2006 жылы шығарылған, м/н B287CD, баланс ұстаушы «Ескелді ауданы өкімінің аппараты» ММ. Мекенжайы: Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 67 үй, бастапқы (алғашқы) баға – 665000 теңге. Төменгі баға – 332500 теңге. Кепілді жарна – 99750 теңге.

2. «BA321214» автокөлігі, 2007 жылы шығарылған, м/н 849AC05, баланс ұстаушы «Ескелді аудандық өкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ветеринарлық пункттері бар ветеринарлық станциясы» МКК, Мекенжайы: Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Ескелді би көшесі, 71 үй. Бастапқы (алғашқы) баға – 259000 теңге. Төменгі баға – 129500 теңге. Кепілді жарна – 38850 теңге.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

Тендерге қатысу үшін кепілді жарна келесі реквизиттерге енгізіледі:

Төлем алушы (қаз.): «Ақпаратты есептеу орталығы» АҚ; БСН: 050540004455; ТТК: 171; Кбе: 16. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ есеп-айырысу шоты: KZ 946017111000000330; БСК: HSBKZKX. Төлемнің белгісі – тендерге қатысу үшін кепілді жарна (кепілді жарнаның мөлшері банктік қызмет төлеміне кірмейді).

Назар аударыңыз! Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілді жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Аукционға қатысу үшін мыналарды: 1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);

3) кепілді жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімінің веб-порталда алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін объект бойынша қатысушының ЭЦҚ қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімінің веб-порталында көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді қабылдау, не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға қатысушылар аукцион басталуға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттық өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан

қаласының уақыты бойынша басталады. Бағаны төмендету аукционы:

1) егер аукцион басталған кезден бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы осы қағиданың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің соңғы жарияланған бағасы белгіленген қадаммен азаяды. Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы бағаны төмендету аукционының жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растама, онда аукцион өткізілмеген болып танылады. Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады. Сатып алу-сату шарты электрондық форматта тізілімнің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап, күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде оған қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде қол қоюға сатып алу-сату шартының жобасын ұсынады. Аукционның жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстырып тексеру үшін мынадай құжаттардың:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың; заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспорттың немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқаларан міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариат куәландырган көшірмелерін ұсынады. Шетелдік заңды тұлғалар қазақ және/немесе орыс тілдерінде нотариат куәландырган аудармасы бар құрылтай құжаттарының нотариат растаған көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады. Сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысулар сатушы мен сатып алушы арасында жүргізіледі, бұл орайда сатып алушы есеп айырысуларды мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) аванстық төлем жекешелендіру объектісін сату бағасының кемінде он бес пайызы мөлшерінде сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей енгізіледі (кепілдік жарна тиесілі аванстық төлем есебіне есептеледі);

2) қалған сома тараптардың уағдаласуы бойынша, бірақ сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей енгізіледі. Объектіге төлеген кезде төлем тапсырмасының немесе төлем түбіртегіндегі «Төлемінің мақсаты» жолына Порталмен берілген шарттың идентификаторын (нөмірін) енгізу қажет.

«Ескелді аудандық қаржы бөлімі» ММ-нен, ҚР Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, 65, мекенжайы бойынша, телефон: 8(72836)30852, 30558 мәліметтер алуға болады.

# ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

ГУ «Отдел финансов Ескельдинского района» Алматинской области объявляет о проведении аукциона по продаже объектов районной коммунальной собственности.

Продажа объектов районной коммунальной собственности осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года № 920 (с изменениями и дополнениями, далее Правила).

Электронный аукцион состоится 25 июня 2019 года 10.00 до 17.00 по времени города Нур-Султан на веб-портале Реестра государственного имущества [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz).

На аукцион с применением метода на понижение цены выставляется:

1. Автомобиль «Kia Cerato», г/н B287CD, 2006 года выпуска, местонахождение: Алматинская область, Ескельдинский район, с.Карабулак, ул. Оразбекова, д. 67, балансодержатель ГУ «Аппарат акима Ескельдинского района», начальная (стартовая) цена 665000 тенге, минимальная цена – 332500 тенге, гарантийный взнос 99750 тенге,

2. Автомобиль «BA321214», г/н 849AC05, 2007 года выпуска, местонахождение: Алматинская область, Ескельдинский район, с.Карабулак, ул. Ескельды би, д.71, балансодержатель ГКП «Ветеринарная станция с ветеринарными пунктами акимата Ескельдинского района на праве хозяйственного ведения», начальная (стартовая) цена 259000 тенге, минимальная цена – 129500 тенге, гарантийный взнос 38850 тенге,

Регистрация участников аукциона производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала аукциона, по истечении которых участники не могут отозвать поданную заявку.

Гарантийный взнос для участия в тендере вносится на следующий банковский реквизит:

Получатель гарантийного взноса: АО «Информационно-учетный центр» БИН 050540004455; Расчетный счет (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ946017111000000330; БИК: HSBKZKX; КНП: 171; Кбе: 16. Назначение платежа – гарантийный взнос для участия в тендере (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Внимание! основанием для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки является несоблюдение участником требований, указанных в извещении, а также не поступление за два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов, на специальный транзитный счет единого оператора.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

1) для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);

2) для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее – БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;

3) реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4) контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail);

При изменении вышеуказанных данных участник в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб-портал реестра.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать электронную заявку на участие в аукционе по форме, подписанную ЭЦП участника. По результатам автоматической проверки веб-портал реестра направляет на электронный адрес участника указанный на веб-портале реестра, электронный уведомление о принятии заявки либо причинах отказа в принятии заявки.

Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Нур-Султан путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта приватизации.

Аукцион на понижение цены:

1) если в течение двух минут с начала аукциона ни один из участников не подтвердит свое желание приобрести объект приватизации в аукционе, то стартовая цена объекта приватизации уменьшается на шаг, установленный согласно пункту 46 настоящих Правил;

2) если в течение двух минут после уменьшения цены ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект приватизации, то последняя объявленная цена объекта приватизации уменьшается с установленным шагом.

Победителем аукциона на понижение цены признается участник, первый подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации по объявленной цене, и аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

3) если цена объекта приватизации достигла установленного минимального размера, и ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект приватизации, то аукцион признается не состоявшимся.

Результаты аукциона по каждому проданному объекту приватизации оформляются протоколом о результатах торгов, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем с использованием ЭЦП в день проведения торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта приватизации по цене продажи. Договор купли-продажи заключается в электронном формате на веб-портале реестра и подписывается продавцом и покупателем с использованием ЭЦП в срок не более десяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов. При этом, продавец представляет покупателю проект договора купли-продажи на подписание в срок не более пяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов.

При этом, продавец представляет покупателю проект договора купли-продажи на подписание в срок не более пяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов.

Победитель аукциона, представляет продавцу при подписании договора купли-продажи копии следующих документов, с обязательным предъявлением оригиналов для сверки либо нотариально засвидетельствованные копии указанных документов:

1) для физических лиц: паспорта или документа, удостоверяющего личность физического лица; 2) для юридических лиц: свидетельства либо справки о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица;

документа, удостоверяющего полномочия представителя юридического лица, а также паспорта или документа, удостоверяющего личность представителя юридического лица.

Иностранцы юридические лица представляют нотариально-заверенные копии учредительных документов с нотариально заверенным переводом на казахском и/или русским языке. Оригиналы документов после сверки возвращаются в течении одного рабочего часа. Расчеты по договору купли-продажи производятся между продавцом и покупателем, при этом покупатель производит расчеты в следующем порядке:

1) авансовый платеж вносится в размере не менее пятнадцати процентов от цены продажи объекта приватизации в срок не позднее десяти рабочих дней со дня подписания договора купли-продажи (гарантийный взнос засчитывается в счет причитающегося авансового платежа); 2) оставшаяся сумма вносится по договоренности сторон, но не позднее тридцати календарных дней со дня подписания договора купли-продажи. При оплате за объект в платежное поручение или в квитанцию по оплате в поле «назначение платежа» вносится идентификатор (номер) договора присваиваемый Порталом.

Дополнительную информацию о проведении аукциона можно получить на сайте [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) или в ГУ «Отдел финансов Ескельдинского района» по адресу: РК, Алматинская область, Ескельдинский район, с. Карабулак, ул. Сатпаева, 65. телефон: 8(72836) 30852, 30558.

# ВЫБОРЫ - 2019

## КАНДИДАТЫ В ПРЕЗИДЕНТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПРОДОЛЖАЮТ АГИТАЦИОННЫЕ РАБОТЫ

От имени партии «Ақ жол» Дания ЕСПАЕВА вместе с членами предвыборного штаба провели агитационные встречи в Павлодаре. Она посетила такие производства, как ТОО «Технопром текс», завод одноразовых медицинских изделий «Мерусар и К», а также АО «Казэнергокабель». Предприятие – лидер по производству кабельно-проводниковой продукции в Казахстане. Здесь изготавливают свыше 15 тысяч видов кабелей и проводов, объем выпускаемой продукции в прошлом году достиг 18 млрд тенге. Но, по словам руководителей предприятия, несмотря на качество и широкую сеть распространения, конкурировать с иностранными производителями им сейчас непросто. Продукция из России, Узбекистана и Белоруссии, более дешевая по себестоимости, постепенно заполняет отечественный рынок.

Кандидат отметила, что проблемы отечественных производителей схожи во всех регионах, и государству необходимо увеличивать поддержку не только малого и среднего бизнеса, но и крупных компаний. В своей предвыборной программе Дания Еспаева предлагает ряд конкретных мер, в числе которых предложения по снижению налоговой ставки, расширения списка получателей государственных субсидий.

На встрече с коллективом поднимались вопросы социального характера, волновали людей вопросы пенсионного возраста, недоступности жилищных программ. «Избиратели всегда активны во время моих встреч и задают вопросы, которые волнуют все население страны, - говорит кандидат от партии «Ақ жол». – В Павлодаре люди тоже говорят о недоступности ипотечной программы «7-20-25» для большинства. Программа хорошая, но собрать первоначальный взнос в 20% многие казахстанцы просто не могут. Думаю, что было бы правильно ввести у нас материнский капитал, за счет которого молодые семьи могли бы приобрести жилье по госпрограмме».

«Необходимо сохранить культурное наследие казахского народа», - так считает кандидат общественного объединения «Ұлы дала қырандары» Садыбек ТУГЕЛ. Сохранение национальных цен-

ностей – главный пункт предвыборной программы Садыбека Тугел. Мысли кандидата, озвученные накануне в прямом эфире в теледебатах, нашли отклик среди жителей южных регионов страны. В Туркестане доверенные лица претендента на высший пост разъяснили будущим избирателям основные направления предвыборной платформы. А сегодня с плакатами и транспарантами посетили сакральные места. Древний Туркестан – одно из главных культурных наследий казахского народа. Эту мысль неоднократно повторяет и кандидат на высший пост Садыбек Тугел. Неслучайно священный город с многовековой историей почитают, как колыбель тюркского мира. Ежедневно к мавзолеям устремляются сотни паломников. Кто-то едет сюда за чудесным исцелением, а кто-то за духовным очищением. В любом случае, делаются туристы, здесь люди обретают надежду. Почти год назад Туркестан стал областным центром. Это исторически важный шаг и яркий пример уважения национальных ценностей, подчеркивает кандидат в Президенты. А сегодня его сторонники посетили знаменитые мавзолеи древнего города.

Очередное мероприятие в поддержку кандидата от национально-патриотического движения «Ұлт тағдыры» Амиржана КОСАНОВА в Президенты РК прошло в городе Актобе. Доверенные лица кандидата провели встречу с избирателями в офисе областного предвыборного штаба. Присутствующие обсудили основные направления платформы кандидата, поделились своим мнением.

На встрече приняли участие 20 человек. Модератором выступил руководитель областного предвыборного штаба Италиев Айткали.

В своей предвыборной программе кандидат в Президенты отмечает, что хочет, чтобы Казахстан занял свое достойное место в сообществе цивилизованных стран. Кроме того, планирует закрепить статус народа как единственного источника власти в стране: земля и богатство недр принадлежат народу.

Предвыборная платформа Амиржана Косанова состоит из блоков: Политические свободы, Национальная идентичность, Независимость не на словах, а на

деле, Нет коррупции, Цивилизованная и народная экономика и Богатые регионы – богатая страна.

Расцвет аула – это расцвет всего Казахстана. Об этом шла речь кандидата в Президенты от народно-демократической патриотической партии «Ауыл» Толеутая РАХИМБЕКОВА на встрече со специалистами научно-исследовательских институтов в Алматы. Создать условия для интеграции науки, образования и производства – одна из важных задач, которую кандидат от партии «Ауыл» планирует воплотить в реальность в недалеком будущем.

Казахский научно-исследовательский институт почвоведения и агрохимии имени Умирбека Успанова, который сегодня посетил Толеутай Рахимбеков, единственный в Казахстане занимается фундаментально-прикладным исследованием почвы в агропромышленных масштабах. За больше чем семи десятилетий своего существования учеными этого заведения разработан ряд прорывных технологий, которые сегодня успешно применяются в сельском хозяйстве Казахстана и помогают значительно экономить средства.

Программа Толеутая Рахимбекова действительно жизнеспособная, она охватывает все отрасли сельского хозяйства, потому что обеспечение нашей продовольственной безопасности страны является основой повышения плодородности почв, повышения производительности культур и обеспечения национальной безопасности Казахстана, - сказал генеральный директор КазНИИ-ПиА Абдулла Сапаров.

По словам Толеутая Рахимбекова, если экономический расцвет всего Казахстана зависит от развития аулов, то развитие самого сельского хозяйства зависит от состояния земли. Поэтому мы должны относиться к ней бережно и с любовью.

Встречи с трудовыми коллективами Атырауской и Алматинской областей инициировали члены предвыборного штаба кандидата в Президенты Республики Казахстан от Федерации Профсоюзов Казахстана Амангельди ТАСПИХОВА. В Атырау кандидат провел агитационную беседу с представителями

нефтегазовой отрасли и бюджетных организаций. Амангельди Таспихов говорил о необходимом сокращении разницы в заработной плате между рядовыми работниками и руководящим звеном. В Атырауской области в профсоюзах стоят больше 80 тысяч жителей региона. Профсоюзные организации сегодня имеют крупные нефтяные холдинги. Чего не скажет о дочерних предприятиях нефтегазовой отрасли. В подрядных организациях, обслуживающих нефтяные компании чаще все допускают нарушения техники безопасности труда. Как следствие в 2018 году в Атырау произошло 17 несчастных случаев на производстве. В корне исправить ситуацию и расширить число профсоюзов намерен кандидат в Президенты Республики Казахстан Амангельди Таспихов.

В начале июня в городе Семей состоялась встреча кандидата в Президенты РК Жамбыла АХМЕТБЕКОВА с активистами партии и жителями города Семей. Он отметил, что Коммунистическая Народная партия Казахстана ведет неустанную работу по защите интересов трудящегося народа. Депутатская фракция «Народные коммунисты» постоянно поднимает острые вопросы и предлагает конструктивные решения. Поэтому простому народу близка программа, идеи и принципы партии. Народный кандидат рассказал об основах предвыборной платформы, акцентировав внимание собравшихся на борьбе с бедностью, как одном из ключевых направлений программы. Кандидат заявил о намерении добиваться принятия и реализации программы по борьбе с бедностью в интеграции с программой стимулирования потребительского спроса на отечественные товары, в частности продукцию АПК. Следующим направлением, озвученным кандидатом стал отказ от западной традиции с её культом денег, наживив любой ценой и аморальностью, которые губительны для нашей Родины. Эгоцентричный индивидуализм является наиболее характерной чертой поведения последователей новых западных традиций. Он противоестественен для нашей уникальной культуры многонационального народа Казахстана, нашей ментальности, нашей моральной шкалы.

### ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Қарабұлақ ауылы, 14 мамыр, 2019 ж. № 49-297  
14 мамыр, 2019 ж. № 135

Алматы облысының әділет департаментінде 2019 жылғы 16 мамырда нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне № 5134 болып енгізілді

### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 5, 12-баптарына сәйкес, басқару органдарының пікірін ескере отырып, Ескелді ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ** және Ескелді ауданының өкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған схемалық картасына сәйкес Алматы облысы Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылының шекарасының аумағы 1,852 гектарға кеңейтіліп, Қарабұлақ ауылының жаңа шекарасы жалпы көлемі 1039,852 гектар болып өзгертілсін.

2. Осы бірлескен аудандық мәслихатының шешімі мен аудан өкімдігінің қаулысының орындалуына бақылау жасау аудан өкімінің орынбасары Е. Ахметовке жүктелсін.

3. Осы бірлескен аудандық мәслихатының шешімі мен аудан өкімдігінің қаулысы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы **С. ЖОЛДЫБАЕВ.**  
Аудандық мәслихат хатшысы **Қ. АЛПЫСБАЕВ.**  
Аудан әкімі **Б. ТӘНЕКЕНОВ.**

### РЕШЕНИЕ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

село Карабулак, 14 мая, 2019 г. № 49-297  
14 мая, 2019 г. № 135

Алматы облысының әділет департаментінде 2019 жылғы 16 мамырда нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне № 5134 болып енгізілді

### ОБ ИЗМЕНЕНИИ ГРАНИЦЫ СЕЛА КАРАБУЛАК ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В соответствии с пунктом 5 статьи 108 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года, статьями 5, 12 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», с учетом мнения органов управления, Ескельдинский районный маслихат **РЕШИЛ** и Ескельдинский районный акимат **ПОСТАНОВИЛ**:

1. Изменить границу села Карабулак Ескельдинского района Алматинской области, путем увеличения площади на 1,852 гектаров, установив новые границы села Карабулак общей площадью 1039,852 гектаров, согласно прилагаемой схематической карте.

2. Контроль за исполнением настоящего совместного решения районного маслихата и постановления акимата района возложить на заместителя акима района Е. Ахметова.

3. Настоящее совместное решение районного маслихата и постановление акимата района вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии районного маслихата **С. ЖОЛДЫБАЕВ.**  
Секретарь районного маслихата **К. АЛПЫСБАЕВ.**  
Аким района **Б.ТАНЕКЕНОВ.**

### «АДАЛ ҰРПАҚ» ЕРІКТІ МЕКТЕБІНІҢ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Ескелең ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мемлекет пен қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып табылады. Сол себептен оқушылармен осы бағытта жұмыс істеу ҚР Мемлекеттік істер жөніндегі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті қызметінің негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

«Ашық есік» акциясы аясында «Адал ұрпақ» ерікті мектепішілік клубы Алдабергенов ауылдық округінің өкімшілігіне барып, күнделікті жұмыс барысымен танысып, мемлекеттік қызмет саласы жауапты әрі қызықты мамандық екендігі оқушыларды қызықтырды.

«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты оқушылар арасында плакат байқауы және «Мен жемқорлыққа қарсымын» атты дебат өткізілді.

7-10 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мектеп жасындағы балаларды «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысына белсенді тартуы еліміздің жарқын болашағына қосқан үлесі деп білеміз.

**Е. ҚОПАБАЕВ,**  
мектеп директоры.

## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

2019 жылдың 14 мамырында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 14 мамырдағы №436-ж/қ бұйрығымен Сәрсембаев Төлеген Қапсалықұлы Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының м.а. болып тағайындалды.

Сәрсембаев Төлеген Қапса-

лықұлының қаржы жүйесіндегі тәжірибесі мол.

Қаржы органдарындағы еңбек жолын 1993 жылы бастады.

Өр жылдары Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша Мемлекеттік қаржылық бақылау комитетінің басқармасында, кейін Алматы қаласының Түркісіб және Бостандық аудандары бойынша Салық комитеттерінде жұмыс істеді. Қызылорда, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша салық департаменттерін басқарды. 2017 - 2019 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы мен Түркістан облыстарында әкім орынбасарының қызметін атқарды.



## НАЗНАЧЕН НОВЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ ДЕПАРТАМЕНТА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

14 мая 2019 года Приказом Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан - Министра финансов Республики Казахстан от 14 мая 2019 года №436-л/с Сарсембаев Төлеген Қапсалықұлы назначен и.о. руководителя Департамента государственных доходов по Алматинской области Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан.

Сарсембаев Төлеген Қапсалықұлы имеет большой опыт работы в финансовой системе.

Свою трудовую деятельность в финансовых

органах начал с 1993 года.

В разные годы работал в Управлении Комитета государственного финансового контроля по г. Алматы и Алматинской области, затем в Налоговых Комитетах по Турксибскому и Бостандыкскому районам г. Алматы. Возглавлял Налоговые Департаменты по Кызылординской, Жамбылской, Восточно-Казахстанской и Павлодарской областям. В период с 2017 по 2019 годы работал заместителем акима Южно-Казахстанской и Туркестанской областей.

## ◆ ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ ЕШКІМ ДЕ, ЕШНӘРСЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ



31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл күні барша жұрт мәңгі тыныштық тапқан боздақтардың құрметіне арнап құран оқып, рухына тағзым етеді. Кеңестік идеологияның салдарынан көптеген адамдар жапа шегіп, аяусыз қырылды. Сталинның «жаппай қырып-жою» саясаты қолға алынып, ұлтшылдар мен халық жауларын анықтау мақсатында қанды қырғын болды. Жазықсыз атылып, таразыға тартылғандардың саны аз емес. Олардың ішінде қарапайым қазақ отбасынан бастап, ұлт қамын ойлаған қазақ зиялылары мен Алаш арыстары да бар.

Жақында Талғар ауданының Жаңалық мемориалды кешенінде Қызыл террордың өткір қылышына іліккен азаматтарды еске алу шарасы өтті. Оған Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов, облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев, Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Ғабит Тұрсынбай, ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев, имамдар, БАҚ өкілдері және репрессияға ұшыраған боздақтардың туғантуыстары арнайы қатысты. Мемориалды кешенде орналасқан ескерткішке гүл шоқтары қойылып, 1 минуттық үнсіздік орын алды. Шараға келген азаматтар сөз сөйлеп, қанды қырғын ешқашан қайталанбасын деген ниеттер айтылды. Жазасыз репрессия құрбаны болған Алаштың ірі қоғам және мемлекет қайраткері Мұхамеджан Тынышбаевтың ұлы Дәулет Тынышбаев өкесінің көрген азабын сөзбен суреттеп, жүрегінің түбіндегі мұңын ақтарды. Ол өкесінің туғанына 140 жыл толуына орай, ақсау тауының өмір жолы жайлы жазылған кітап пен медальді облыс әкімі Амандық Баталов пен орынбасары Ақан Әбдуәлиевке табыстады.

Сондай-ақ, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейге экскурсия жүргізілді. Аталмыш музей 2018 жылдың 27 желтоқсанында бой көтерген. 4 мыңнан астам жазықсыз құрбан осы Жаңалық ауылының маңына көмілген екен. Алматыдан 40 шақырым қашықтықтағы ауылдың маңы 1938 жылдары «үштіктің» шешімімен атылған адамдарды жерлейтін орынға айналған. 1988 жылдан саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары басталғанда бұл маңға көмілген жазықсыз жандарды еске алу ісі де қолға алынған

болатын. Музейдің төр жағында орналасқан бөлмеде жазықсыз қырылған азаматтардың есімі жазылған тақтайшалар орналасқан. Ол жерде 4 мыңнан аса адамның аты бар. Осы аттардың ішінен таңым есімді анықтау үшін бөлменің дәл ортасына үлкен 3 компьютер орнатылған осы құрылғы арқылы іздеген есімді анықтап, оның қай нөмірлі тақтада тұрғанын көруге болады. Осылайша, уақытты үнемдеуге болады. Ал музейдің оң жақ қанатында орналасқан бөлме тарихтың тұғырлы діңгегіне толы. Онда Алаш қайраткерлері мен қазақ зиялыларының өмір-баяны жазылған кітаптар мен тақтайшалар көп. Сондай-ақ сол кісілердің кезі тірлігінде қолданған заттары да бар. Осы бөлмеде түрмеге қамалып, тор терезеден телміріп отырған адамдардың экспонаты бар. Осы көріністі көрген кезде көзге еріксіз жас келеді. Себебі, жас келіншектен бастап, еңкейген әжеге дейін қамалуға алынып, суық бөлмеде жылу жоқ көрпе жамылып, тамағы жоқ ыдыс ұстап, кішкентай ғана пештің қасында отырған көрініс бейнеленген. Осы бейнелердің барлығы шынайы жасалып, сол заманның көрінісі дәл суреттелген. Осындай тарихи образдарға куә болу арқылы адам баласының санасына үлкен ой тоқылары анық. Бостандық пен тыныш өмірге ештеңе жетпейді. Бейбіт өмірдің бағасын білу әрбірімізге міндет. Сондай-ақ музейде кітап көрмесі бар. Ол жерден көптеген қызықты мәліметтерге толы кітаптарды оқуға болады. Музейді аралау барысы аяқталғаннан кейін репрессия құрбандарының құрметіне арналып ас берілді.

Барша жұрттың жүрегіне от салған жылдар мәңгілікке тарих қойнауында қалды. Келер ұрпақ мұны естен шығармауы керек. Өйткені, «Өткенін білмеген, ертеңін білмейді» деп дана халқымыз текке айтпаған.

Алима МҰРАТҚЫЗЫ.

## АСЫҚ АТУДАН ЖАРЫС

Асық ойыны баланың жастайынан ой-қабілетін шыңдап, дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйлылыққа тәрбиелеген қазақтың ұлттық ойындарының бірі – асық ойыны. Бұл ойын ертеден мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабаларымыздың қолдананында келе жатқан көне ойын түрі. 1 маусым күні Сырымбет ауылдық округінде Сырымбет ауылдық округінің спорт жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы, республика көлемінде ұлттық ойын-асық атудан II орын алған Ораз Есболдың ұйымдастыруымен 2011-2009 ж.т. жасөспірімдер арасында асық атудан жарыс өтті. Бас аяғы 15 спортшы қатысып, үздіктер анықталды. I орын – Жұмабек Қуаныш, II орын – Төлегенов Еркебұлан, III орын – Жеңісұлы Ерасыл. Жеңімпаздар ауыл әкімі А. Шаиховтың грамота, медаль және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Е.ОРАЗ,

Сырымбет ауылдық округінің спорт жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы.

## ТАРИХ САБАҚТАРЫ БІЗГЕ ДЕ САБАҚ

Өткен аптада Достық үйінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихқа тағзым» акциясы аясында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы жетекші журналистер мен сарапшылар клубының дөңгелек үстелі өтті.



Жиынға Ассамблея хатшылығы, клуб мүшелері және облыс аумағындағы аудан, қала газеттерінің бас редакторлары мен журналистері қатысты.

Шара барысында 31 мамыр – қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін ұйымдастырып, өткізу бойынша БАҚ-тың рөлі туралы облыстық «Оғни Ала-

### Тарихқа тағзым

тау» газетінің бас редакторы А.Идигов баяндама жасады. Ол сөзінде Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы мен ескелең ұрпақ үшін жазықсыз құрбан болған халқымыздың ардақты ұл-қыздарын еске алу қасиетті парыз екенін атап өтті. Сонымен қатар, жиынға қатысушы өзге аудандардың редакторлары ой қосып отырды. Отырыс барысында ұсыныстар да назарға алынды.

Сөз кезегі облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының бас маманы Ә.Ораловқа беріліп, ол этножурналистика саласындағы «Шаңырақ - 2019» шығармашылық байқауының осы жылғы ережесімен таныстырып өтті.

Отырыс қорытындысында Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын насихаттап, газет беттерінде этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді нығайту мақсатында арнайы айдарлар бар газеттер ұжымы алғыс хаттармен марапатталды.

Зейнегүл ЖҰМАБЕКОВА.

## БАЛАУСА БАҒЫМ, ШАТТЫҚ ПЕН ҚУАНЫШ ОРДАСЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Нұрлы болашақ» республикалық акция шеңберінде іс-шаралар біздің елімізде кең көлемде тойланды. Еліміздің барлық аймақтарында мерекені сән-салтанатымен атап өту игі дәстүрге айналған. Жаздың жаймашуақ алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін бұл мереке Жетісу ауылында да аталып өтті.



Мерекелік күнге арналған мерекелік шарада Төлеңгіт ауылдық округінің әкімі Қ.Н. Сатанов бұлдіршіндерге арнап құттықтау сөз сөйледі.

Жетісу ауылында мерекелік ертеңгілікке Жетісу ауылы «Балдырған» балабақшасы бұлдіршіндері «Джентельмен» биін билеп және «Балабақша» әнімен өн айтып, көңілдерін көтерсе, Жетісу орта мектебінің «Томирис» тобының қыздары «Көктем шақырады» әніне қойылған әсем биімен ортаға шықты.

Мерекелік шараға демеушілік жасаған ауылымыздың азаматтары Нұржан Сейілбеков пен Ернар Бағашов барлық балаларға, соның ішінде көпбалалы, аз қамтылған және толық емес отбасылардың балаларына тәтті балмұздақтар үлестірді.

Балаларды қорғау күніне ұйым-дастырылған мерекелік шара үлкен-кішіге қуаныш пен жақсы көңіл-күй, ұмытылмас сәттер сыйлады. Мерекелік шара балалардың флешмоб биімен ұласты.

А. АХМЕТҚАЛИЕВА,  
әлеуметтік педагог.

КӨКІМЖАН ҚАЗЫБАЕВ:

# ҰЛТ ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН НАР ТҰЛҒА



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Көкімжан Қазыбаев туралы: «Белгілі журналист-жазушы және қоғам қайраткері болған Көкімжан Қазыбаевты қызмет барысында жақсы танып-біліп едім. Ол шын мәнінде білімді, парасатты, халықтың игілігі үшін бүкіл қабілет-қарымы мен қаламгерлік қайратын аянбай жұмсаған дарын иесі, жаны жайсаң азамат еді. Қалың жұртшылық оны құрмет тұтып, жадында сақтап келеді», – деп Көкеннің 70 жылдық мерейтойына жіберген жедел хатында тебірене еске алады.

Ал заңғар жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев өзінің үзеңгілес ағасы туралы: «Мамыражай, жаймашуақ, кеңпейіл Көкімжан аға ызғарлы кезеңдерден кейінгі рухани тоңды жібітуде ерекше қайраттылық танытты. Әдебиетімізде, қоғамдық ойымызда, әлеуметтік көңіл күйімізде өшпес із қалдырды», – деп жазады.

Көкімжан аға туралы бұл сөздер, әсіресе тарихи мерейтой қарсаңында еріксіз еске түседі. Ағамыздың арамьздан кеткеніне де 30 жыл толды.

Көкімжан Қазыбаевтың өмірі мен қызметі туралы жазу маған бір жағынан жеңіл, бір жағынан қиындау.

Жеңіл дейтінім – менің балалық шағым сол керемет ортада өтті, әрі сол кездегі естеліктер тізбегі әлі көз алдымда.

Ал қиын дейтінім – Көкімжан ағаның өмірі тақтайдай тегіс жарқын сәттер мен маңызды оқиғаларға толы болған жоқ, оның өмірі халқымыздың аса бір күрделі тағдырымен байланыста болды.

Сондықтан да Көкімжан Қазыбаевтың өмірлік ұстанымдары мен азаматтық келбетін анық әрі нақты көрсететін тұстарын жазуға бел будым.

Ол 1929 жылы 10 мамырда Алматы облысының Сарқан ауданы Бақалы ауылында дүниеге келген.

Жастайынан ол қайшылыққа толы мейірімсіз кезеңнің, жаппай коллективтендірудің, ашаршылықтың ауыр жылдары – қазақ халқына жасалған геноцидтің, 30-жылдардағы саяси репрессияның, Ұлы Отан соғысының аяусыз қиындығы мен ауырлығын тартып өсті. Ата-анасынан ерте айырылып, жетімдіктің де зарын тартты.

Тағдырдың осындай қиындығы сол тұста Көкімжан аға сынды мыңдаған қазақ жастарының балалығы мен жастық шағына бұйырған еді. Әсіресе, осы ұрпақ кейін қазақстанның алпысыншы жылғылардың феноменінің іргетасына айналды.

Сол кезеңдердің ызғары болашақ журналист-жазушының азаматтық мінезі әрі шығармашылық қалыптасуына іздерін қалдыра керек.

Туа біткен ізденгіштік, байқампаздық, еңбекқорлық, сабырлық, асқан дарындылық Көкімжан ағаның кәсіби таңдауын алдын ала болжағандай.

Мектепте оқып жүргенде қосымша ауыл есепшісі ретінде жұмыс жасап, кейін ұлттық университеттің журналистика факультетіне оқуға түседі.

1952 жыл Көкімжан ағаның өміріндегі ең бір елеулі кезеңі – университетті тәмамдап, публицистика саласында алғашқы еңбек жолын бастауы.

Оның газет беттеріндегі алғашқы жазбаларынан бастап соңғы жарияланымдары әлеуметтік әділдік, ұрпақ арасындағы тарихи сабақтастық, Отанға деген сүйіспеншілік, қоғамдағы рухани келісім сынды бір тізбекке құрылған шығармашылық лаборатория іспетті.

Қазақ ауылының өмірі, адамдардың шырғалаңға толы тағдыры, отбасылық өмірдің беріктігі, тұлғаны соғыстағы және тылдағы ерлігі мен патриотизмі арқылы пайымдауы – Көкімжан Қазыбаев шығармаларының өзегі.

Асқан ұйымдастырушылық әрі бас-

Биылғы жылдың күнтізбесі халқымыздың тарихи тұлғаларының өмірімен тығыз байланысты айрықша даталарға толы.

Елімізде әйгілі ғалым әрі ғылымның ұйымдастырушысы Қаныш Сәтбаевтың 120 жылдығы, Алашорда көшбасшыларының бірі, әрі алғашқы қазақ теміржолшы-инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың 140 жылдығы, Қазақ КСРО халық әртісі, композитор Ғарифолла Құрманғалиевтің 100 жылдығы, Халық әртісі, кинорежиссер Шәкен Аймановтың 105 жылдығы кеңінен аталып өтуде.

Қазақ елі осындай құрметке лайық әрі шынайы естелікке толы тұлға – қазақ журналистикасының кемеңгері, көрнекті жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Көкімжан Қазыбаевтың 90 жылдығын да атап өтуде.

қарушылық қабілетке ие Көкімжан аға әдеби қызметкерліктен бастап «Лениншіл жас» (бүгінгі күндегі «Жас Алаш») газетінің жауапты хатшысы, «Коммунизм таңы» (кейін «Жетісу» атанған) газетінің бас редакторының орынбасары, ҚазССР баспа, полиграфия және кітап саудасы Мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары, ҚазТАГ-тың директоры, Қазақстан КП ОК хатшысы, «Қазақстан коммунисті» журналының бас редакторы лауазымына дейінгі қызметтік жолдардан өтті.

Журналистік қызметті он орап әкеткен ол, кәсіби қарымын өзіне тән жауапкершілік әрі жаңашылдықпен көтере білді.

Атақты Халық батыры, белгілі жазушы Бауыржан Момышұлымен кездесуі – оның тағдырына бұйырған бақ еді.

Себебі, сонау 1958 жылы Көкімжан аға Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігі туралы алғаш мақала жазған болатын. Тарихи тұлға, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы Көкімжан Қазыбаевқа Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев туралы енді повесть жазуға қолқа салады.

Бұл туралы Көкімжан ағамыз Бауыржан Момышұлының: «Әрі жауынгер әрі командир ретінде бұл оқиғаның адам сенгісіз екенін білем, әрі түсінем. Рақымжан сол тозақтың ішінде болған, сол тозақтан аман шыққан! Жеңіс жалауын тіккен!... Сол бір тозақта оның өзінің тірі қалуы – керемет ғажайып жағдай! Біздің басымызға келіп қонған Жеңіс деген бақыт – анау Рақымжан, Рақымжандар!» деген сөзін дәйек ретінде келтіретін.

1966 жылғы осы бір келелі кеңестен кейін Рейхстагқа ту тіккен қазақ батырының ұлы ерлігіне арналған «Кернеген кек» («Священная ненависть») документалды повесі жарық көреді.

Бұдан жарты ғасыр бұрын, шектен тыс қуатты идеологиялық жүйенің қарама-қайшылығына толы тұста, біздің қазақтың Рахымжанының Рейхстагқа бірінші болып Мемлекеттік жалауды тіккендігі туралы повесть жазуына нағыз азаматтық батырлық деуге болады.

Бұл повесть авторға үлкен әдебиетке жол салды. Бұдан кейін Көкімжан Қазыбаев қазақ әдебиетінің алтын жылнамасына енген шығармалар шоғырын жазды. Оқырман оның «Құпия», «Ызғар», «Сұрапыл», «Аманат», «Қышыма», «Ақиқатқа ар серік», «Октябрь өрендері» романдары мен «Қара сел» атты пьесасын ұмытпақ емес.

Ал «Ызғар» мен «Аманат» романдары «Наказ», «Изморозь» деп орыс тілінде жарияланды.

Ұзақ жылдар Көкімжан аға қазақ халқының тарихындағы зобалаң кезең – ашаршылық туралы материалдар жинады. Кезінің тірсіңдеуі кітап ретінде шығарып үлгермесе де, ұлы Батыр Қазыбаевтың күш салуы арқасында бұл шығармасы «Сұрапыл» деген атпен жарық көрді.

Роман жаппай коллективтендірудің зардабы, қазақ халқының қырылуы туралы еліміздегі алғашқы әдеби туындылардың бірі.

Бұл шығарма Қазақстандағы ашаршылықтың құрбандарына айтылған жоқтау іспеттес.

Көкімжан Қазыбаевтың қоғамдағы, қазақ зиялылары арасындағы биік беделі, терең энциклопедиялық білімі, жоғары интеллектуалдылығы еліміз идеологиясын басқаруда, Қазақстан Орталық комитетінің хатшылығы лауазымдарына тағайындалуына ықпал етуі де заңдылық.

Өмірлік жолының осы кезеңінде ол өзінің азаматтық ұстанымдары – халықпен біте қайнасқан рухани ұстанымдарына адал болды.

Ол тұста одақтас республикалар үшін ұлттық құндылықтарды ұлықтау мүмкін емес еді, тіпті тыйым салынған деуге өбден болатын. Алайда, Көкімжан аға осындай қиындыққа қарамастан, халқының рухани мүддесі мен оның ұлттық сипатта қарқын алуы жолында өлшеусіз қызмет етті.

Республикалық партия ұйымының жетекшісі Д.А.Қонаевтың қолдауымен жаңа мәдени жобаларды іске асыруға ықпал етті. Алғаш рет республикалық телеарнада ақындар айтысының, «Тамаша» ойын-сауық бағдарламасының жарыққа шығуын ұйымдастырды. Ал олар кеңінен елдің сүйікті бағдарламасына айналды. Мұқан Төлебаевтың, ағартушы-ғалым Шыңғыс Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралардың биік деңгейде аталып өтуі – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасының қайта өрлеуінің

бастапқы нүктесі еді.

КСРО Ғылым академиясы ғалымдарының форумының және ЮНЕСКО-ның таралынан шығыстанушылардың халықаралық форумның Алматыда өтуі мен 4 сериялы фильмінің түсірілуі – осындай іргелі жобалардың кемелденген кезеңі болатын.

Еліміздегі алдыңғы буын ағалар 1979 жылғы «неміс оқиғасын» ұмыта қоймағаны анық.

Бір қарағанда, бұл мәселе жабық күйінде болғанымен, 1985 жылы Кремль «Ақмола неміс автономиясы» идеясын жасанды түрде «маздата» түседі. Көкімжан Қазыбаевты Мәскеуге шақырады. 1985 жылғы 2 желтоқсандағы хатшы М.В.Зимьяниннің қатысуымен өткен партияның Орталық Комитетінің жабық мәжілісінде республикадағы қоғамдық-саяси жағдай мен ұлттар арасындағы қарым-қатынастарды сол кезде шиеленістіруге әкелуі мүмкін болған негізсіз көтерілген идеяға Көкімжан аға тойтарыс береді. Ол өз баяндамасында: «... нам не нужна автономия, ради автономии», – деп ашық айтып, осындай күрделі мәселе тек қана халықтың қолдауымен шешілу керектігін көтереді. Кейін ағаның қойын дәптерінде: «Мен ұзақ жылдар үнсіздік атты алып күштің құрсауында болдым, алайда халқымыз ар-ожданы мен абыройы тапталған шақта үндемей қала ала алмадым», – деген жүрек тебіренерлік сөздері сақталыпты.

Бұл тақырып жабық күйінде қалғандай болады. Алайда Көкімжан Қазыбаев үшін бұл оқиға аяқ астынан атқарып жүрген қызметінен ақырын «Қазақстан коммунисті» журналына қызмет «ауысуымен» аяқталады.

Көкімжан ағаның өмір жолындағы сынақ пен үрейді, жеңіс пен жетістікті өмірлік жары Орынша ата тең бөлісті.

Ол ағамыздың жары, ұл-қызының анасы ғана емес, сындарлы шақтарда үзеңгілес досы әрі сырласы да бола білді. Атақты мемлекет қайраткері, республиканың атқару комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлшымбетовтің қызы Орынша апа – жастайынан қуғын-сүргіннің зардабын тартып өскен, «халық жауының ұрпағы» деген жазықсыз күйе жағылған буынның өкілі. Ол – Көкімжан аға әулетінің тірегі әрі шаңырағының шырақшысына айналған абзал ана.

1989 жылдың 21 қазанында ұлтының жүгін арқалаған нар тұлғаның, тарихты жасаған арда ұлдың, ұлттық өрлеу кезеңі – жаңа кезеңнің жаршысының жүрегі соғуын тоқтатты. Ол өзі арман еткен, өзі жазған Тәуелсіздіктің – мемлекет тәуелсіздігі таңының атуына 785 күн қалғанда дүниеден өтті.

Көкімжан Қазыбаевтың Отан алдындағы адал еңбегі биік бағаланды. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, мемлекеттік медальдармен, грамоталармен марапатталды, «ҚазССР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағы берілді, Жоғары Кеңестің депутаттығына үш мәрте, Қазақстан КП Орталық комитетінің Бюролығына сайланды.

Тәуелсіз Қазақстанда Көкімжан Қазыбаевтың құрметіне көшелер, мектеп, ауыл, Мәдениет үйіне есімі берілді. Оның шынайы парасаттылық бейнесі ескерткіш пен мүсін ретінде қаланды.

Көкімжан ағаның жазу үстеліндегі күнделігінде мына соңғы өлең жолдары жазылған екен:

«...Жылы сөздер  
Ұмтылдырар өрге тек.  
Жылы сөздер  
Жүрек тербер перне көп.  
Жылы сөзбен  
Қопарасың тауды да,  
Жылы сөйле  
Жағымды бол елге тек!»...

Бұл өлең жолдары өз халқының Көкімжан Қазыбаев сынды сүйікті әрі даңқты ұлының есімін жадында сақтаған ұлтының шері мен мұңына, қуанышы мен жетістігіне, арманы мен үмітінің ақталу жолына тағдырын арнаған тұлғаның өмірлік және шығармашылық жолының эпилогы десе де болғандай.

«Шынайы суреткердің міндеті – бір сәтте қоршаған ортаға жан жылуы мен жарық сәуле шашып, нұрға бөлеу» деген белгілі жолдар Көкімжан ағаның құрметіне өбден лайық сөздер.

**Ерлан АРЫН,**  
профессор, экономика  
ғылымдарының докторы.

## «ЖАСТАР ЖЫРЛАЙДЫ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ЖАЗБА АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) ағымдағы жылдың Жастар жылы деп жариялануына орай әрі Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, қазақ руханиятының дамуына ықпал етіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында «Жастар жырлайды» атты облыстық мүшәйрасын өткізеді.

Мүшәйраға әдебиеттің проза, поэзия жанрлары бойынша 18-29 жас аралығындағы ақын, жазушылар қатыса алады.

Байқау шарты:

- Поэзия бәйгесіне қатысушылар екі өлең жолдауы шарт. Әрбір өлең он беттен аспауы тиіс.

1. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған тақырыптарға байланысты өлең;

2. Жастар жырлайды.

- Проза бәйгесіне қатысушылар бір шығармадан ұсынуы шарт. Әрбір өңгіме-хикаят 25 беттен аспауы керек.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған мақсат-міндеттермен үндесетін, туған жер, Отан тарихы, патриотизм, тілдің мәртебесін арттыру, ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік, береке-бірлікті насихаттайтын шығармалар қабылданады;

- Шығармалар бұрын ешбір жерде жарияланбаған болуы керек, әр шығарманың жазылған мерзімі көрсетілуі тиіс;

- Шығарманы компьютерге Times New Roman қарпімен, 14-кегльмен теру керек;

- Байқауға екі тілдегі (қазақ, орыс) шығармалар қатыстырылады.

- Мүшәйраға барлық шарттарға сай (техникалық, мазмұндық, т.б.) өзірленген шығармалар ғана қабылданады;

- Байқауға қатысушылардың шығармаларын бағалау және жүлдегерлерді анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамын Басқарма бекітеді. Дауыс беру нәтижелері тең болған жағдайда қазылар алқасы төрағасының дауысына басымдық беріледі. Қазылар алқасының шешімі өзгертілмейді.

- Байқауға түскен барлық шығармалар іріктелетін болады.

- Шығармалар 2019 жылғы 6 мамырдан бастап, 1 тамызға дейін қабылданады. Шығарманың электронды нұсқасы, қатысушының аты-жөні, тұрғылықты мекенжайы, телефон нөмірі, электронды мекенжайы, өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қысқаша ақпарат (жеке куәлігінің көшірмесі) Басқармаға ұсынылады.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі қыркүйек айында Тілдер мерекесінде өткізіледі (уақыты қосымша хабарланады).

Байқаудың Бас жүлдегеріне «Ақ қауырсын» атты Алматы облысы әкімінің арнайы жүлдесі табыс етіледі. Жүлделі орын иелері арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және бекітілген сыйлық қорымен марапатталады. Өткен жылғы байқаудың «Ақ қауырсын» жүлдесінің иегерлері қатыстырылмайды.

Біздің мекенжайымыз: Талдықорған қаласы, І. Жансүгіров көшесі, 36 Б, Тіл сарайы, 20-кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7282) 40-01-60, факс: 30-59-50, e-mail: asemake@mail.ru.

«СПИСКИ УЧЕТА НУЖДАЮЩИХСЯ В ЖИЛИЩЕ ИЗ КОММУНАЛЬНОГО ЖИЛИЩНОГО ФОНДА ЕСКЕЛДИНСКОГО РАЙОНА 31.05.2019 г.»

1-1) дети-сироты

Table with columns: № в очереди, ИИН, Фамилия, Имя, Отчество, Дата рождения, Адрес, Кол-во членов семьи, Категория, Дата регистрации, Наименование очереди. Contains a list of 200+ entries for orphans in the Eskeldin district.

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА

Электрондық еңбек биржасы - бұл жұмыс іздестіруге мүмкіндік беретін және персоналды іріктеуге көмектестік бірінші цифрлық жұмыс алаңы. Республика бойынша бос жұмыс орындары мен үміткерлер туралы ақпарат күнделікті түрлі көздерден жаңартылып отырады.

«Жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес жұмыс берушілер электрондық еңбек биржасында бос жұмыс орындары туралы ақпаратты орналастыруға міндетті.

Бос жұмыс орындары туралы ақпарат (бос орындар) халықтың жұмыспен қамту орталығына жазбаша түрде немесе «Еңбек биржасы» мемлекеттік интернет-ресурсы арқылы пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жұмыс және төлеу шарттарын көрсете отырып беріледі.

Сонымен қатар, бос жұмыс орындарының болуы туралы ақпараттың (жазбаша нысаны) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 6 маусымдағы бұйрығымен жарамсыз деп танылды.

Электрондық еңбек биржасының мекенжайы: www.enbek.kz. (Орналастыру туралы мәліметті https://www.enbek.kz/docs/ru/faq мекенжайы бойынша алуға болады). Бос жұмыс орындар жөнінде ақпаратты орналастыру және тіркеу заңды тұлғаның (жұмыс берушінің) электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) арқылы жүзеге асырылады. Бұл өзгерістер электронды форматта ұсынылатын қызметтерді ұлғайту, сондай-ақ жұмысқа орналасу және жұмысқа орналасу туралы есеп берудегі жұмыс берушілердің шығындарын азайту мақсатында жасалды.

Жұмыс беруші жұмыспен қамту орталығына бармай, қашықтан жұмыс істей алады, бос лауазымдардың бар екендігі туралы ақпаратты орналастырады, сондай-ақ жұмыс іздеушілердің деректер базасына қол жеткізе алады. Электрондық еңбек биржасындағы барлық қызметтер тегін. Егер жұмыс берушіде интернет жоқ болса, жұмыспен қамту аймағында халықты жұмыспен қамту орталығындағы электрондық еңбек биржасын пайдалана алады.

Электрондық еңбек биржасын қалай пайдалануға болады? Электрондық еңбек биржасында тіркеліңіз. Тіркеу формасын толтырып, электрондық поштаның мекенжайын растаңыз. Сіз үшін «Жеке кабинет» құрылады. Тіркеу кезінде көрсетілген логин мен пароліңізді есіңізде сақтаңыз. Бұдан кейін биржаға кіру және сіздің бос жұмыс орындарыңыз бен резюменізді басқаруға қажет. «Жеке кабинетте» ұйымыңыз туралы қажетті ақпаратты енгізіңіз.

Электрондық еңбек биржасында ақпаратты растау үшін сізге электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет. «Жеке кабинет» - Сіздің компанияңыз туралы ақпаратты, сіз бұрын жариялаған бос орындардың мәтіндерін, бос орындарға берілген жауаптарды сақтайтын жеке бет.

Бос жұмыс орындары қалай орналастыру керек? «Жеке кабинет» бөліміне өтіңіз. «Бос жұмыс орындар қосу» әрекетін таңдаңыз. Қажетті ақпаратты толтырыңыз және деректерді сақтаңыз. Бос орын сақталғаннан кейін компанияңыздың бос орындары биржаның пайдаланушыларына дереу қолжетімді болады.

Сіздің барлық бос жұмыс орындарыңыз «Жеке кабинетте» сақталады.

Аудандық кәсіпкерлік бөлімі.

ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА

«Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету» мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» N 66 Заңына сәйкес, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек мемлекеттен: 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткіштен төтен сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит ретінде көрсетіледі.

Тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит мамандар үшін он бес жылға, жылдық 0,01% мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесі бойынша беріледі. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылады.

Аталған мемлекеттік қызметті алу үшін «Ескелді ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүгіну қажет. Мекенжайы: Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, № 67. Байланыс телефоны: 8 (72836) 3-09-16.

«Ескелді ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ЖМ.

# БАРЛЫҒЫҢЫЗ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Барлығыңыз назар аударыңыз!» - бұл ескерту сигналы. Бұл сигнал Алматы облысы ТЖД жедел кезекшісімен барлық шұғыл хабарламаларды беру алдында беріледі.

Сиренаны, гудоктарын және т.б. естігенде, дереу радио («Астана», «Шалқар», «Петро FM», «Авторадіо», «Қазақ радиосы») немесе теледидарды («Хабар», «Қазақстан», «ОРТ «Евразия», «Астана», КТК, НТК, «Жетісу» арналары) қосып, төтенше жағдайдың туындау фактісі немесе қауіпі және бұл ретте іс-қимыл тәртібі туралы ТЖД жедел кезекшісінің хабарламасын тыңдаңыз. Алынған ақпаратты көршілерге беріп, естілген ұсыныстарға сәйкес әрекет етіңіз. Теледидар мен радио мәтіні 3-5 рет 5 минутқа дейін қайталанатын.

Жіберілетін хабардың мәтінін мұқият тыңдап, жұқтыру аймағынан шығу бағытымен есте сақтап, тез әрекет ету арқылы тәртіпті сақтау қажет. Үй-жайдан шығып, жабдықты, жарықтандыру және жылыту құралдарын өшіріп, газды, суды жабу керек. Жұғу аймағынан жел

бағытына перпендикуляр шығу қажет (жел бүйірінен, оң немесе сол құлаққа ұру үшін). Иісін (хлор, аммиак) сезіп, тыныс алу органдарын қорғау құралдарын немесе сумен ылғалданған мақталы-дөке таңғышын киіңіз.

Теле, радиоқабылдағышты алудың техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда өзімен бірге бірінші қажеттіліктегі заттарды (жеке құжаттар, дәрі-дәрмектер, азық-түлік және су қоры 2-3 күнге, ақша, киім, аяқ киім, жеке гигиена заттары) алып, жергілікті атқарушы органдарынан алдын ала нақтылау қажет эвакуациялық жинау пунктіннің ғимаратына келу керек.

Хабарландыру сигналы «Барлығыңыз назар аударыңыз!» төтенше жағдайлардың туындау қаупі кезінде халықтың назарын аудару үшін Ескелді ауданында орналасқан сиреналар немесе басқа да дабыл құралдары арқылы берілетін бірыңғай хабарлау сигналы.

**Д. АЗАМАТОВ,**  
**Ескелді ауданының ТЖБ бастығы,**  
**азаматтық қорғау подполковнигі.**

# ОСТРЫЕ КИШЕЧНЫЕ ИНФЕКЦИИ И ИХ ПРОФИЛАКТИКА

Острые кишечные инфекции – группа инфекционных заболеваний, вызванных различными микроорганизмами (бактериями, вирусами), проявляющаяся расстройствами пищеварения и симптомами обезвоживания.

Кишечные инфекции встречаются в любое время года: вирусные, чаще всего встречаются в холодное время года (с ростом заболеваемости гриппом и ОРВИ), бактериальные – в теплое время года.

В связи с благоприятным воздействием теплого климата на размножение микроорганизмов, особенно высок уровень заболеваемости острыми кишечными инфекциями в летний период времени. В этот период отмечается резкое повышение уровня инфицированности воды, почвы, продуктов питания возбудителями острых кишечных инфекций. Особенно подвержены в теплый период кишечным инфекциям дети. Это связано с низкой степенью активности защитных факторов, а также с отсутствием сформированных гигиенических навыков у детей. Факторы иммунной защиты в желудочно-кишечном тракте у детей формируются к 5-летнему возрасту.

Практически все возбудители острой кишечной инфекции отличаются очень высокой устойчивостью. Например, возбудители паратифов и брюшного тифа продолжают свою жизнеспособность в молоке более 2 месяцев, в воде еще дольше. Микробы дизентерии в молоке могут жить и размножаться на протяжении 7 дней, а в речной воде - 35 дней. Свою жизнеспособность вирусы могут сохранять на различных предметах от 10 до 30 дней, а в фекалиях – более полугода. Наиболее восприимчивы к кишечным инфекциям: дети до 5 лет; люди преклонного возраста; лица с заболеваниями желудочно-кишечного тракта; люди, страдающие алкоголизмом; люди с ослабленным иммунитетом.

Общие симптомы острых кишечных инфекций: Интоксикация, повышение температуры тела, слабость, головкружение, ломота в теле. Нарушения пищеварения: боли в области желудка, тошнота, многократная рвота, учащение стула (испражнения становятся водянистыми).

Обезвоживание. Особенно опасно для детей.

Профилактика острых кишечных инфекций включает общегигиенические и медицинские мероприятия, проводимые постоянно, вне зависимости от времени года и от уровня заболеваемости. Необходимо выявить источник инфекции, изолировать его и начать лечение. В помещении, где находился больной, провести дезинфекцию.

Основные меры личной профилактики: Соблюдать правила личной гигиены: тщательно мыть руки перед приемом и раздачей пищи, после посещения туалета, улицы. Следить за чистотой рук у детей, научить их соблюдать правила личной гигиены. Употреблять для питья кипяченую или бутилированную воду. Выбирать безопасные продукты. Следить за сроками годности продуктов.

Тщательно мыть овощи и фрукты перед употреблением под проточной, а для детей – кипяченой водой. Проводить тщательную термическую обработку необходимых продуктов. Употреблять пищу желательнее сразу после ее приготовления. Готовые продукты хранить на холоде, оберегая их от мух. Не оставлять готовые продукты при комнатной температуре более чем на 2 часа.

Правильно хранить продукты в холодильнике: не допускать контакта между сырыми и готовыми продуктами (хранить в разной посуде); содержать кухню в чистоте; не скапливать мусор. Выезжая на отдых, необходимо брать с собой запас чистой питьевой воды. Не употреблять воду из открытых источников. Купаться только в специально отведенных для этой цели местах. При купании в водоемах и бассейнах не допускать попадания воды в рот.

**Г. КАЛИЯКБЕРОВА,**  
**ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ»**  
**педагог-валеолог кабинета ЗОЖ.**

# ЖІТІ ІШЕК ЖҰҚПАЛАРЫН АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Жіті ішек жұқпа – симптомдары ұқсас, бірақ қоздырғыштары әртүрлі (вирустар, бактериялар, жай микроорганизмдер) үлкен топты жұқпа. Негізінде қоздырғыштар тағам, су және кір қол арқылы асқазан мен ішекке түседі, ас қорыту жолдарында көбейіп, адам өміріне қауіпті токсиндер бөледі.

Қоздырғыш көзі – науқас адам немесе жіті ішек жұқпаларының тасымалдаушысы. Берілу факторлары – тағам, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар, ал кейбір жұқпалардың таралуында жәндіктердің маңызы бар (шыбындар, тарақандар). Жіті ішек жұқпаларын жұқтыруда антисанитарлық жағдай, жеке бас гигиенасын сақтамау, дұрыс сақталмаған немесе санитарлық ережелердің бұзылуымен дайындалған тағамдарды пайдалану себеп етеді.

Ішек жұқпасының негізгі клиникалық белгілері: іші ауырып, жүрегі айнып, құсады; іші желденіп, жиі өтеді; дене қызуы көтеріледі, сондай-ақ жалпы әлсіздік басып, тәбеті төмендейді.

Жіті ішек инфекциялары ауруларының алдын алу үшін бірінші кезекте жеке бастың гигиена ережелерін сақтау қажет, әсіресе, ыстық жаз айларында. Құдықтан, бөгеттен, өзендер мен басқа да су қоймаларынан қайнамаған суды ішуге болмайды. Алайда ашық және лас ыдыста сақталған қайнаған судың өзі де лас, әрі зақымдану көзі болуы мүмкін. Жеміс-жидектер мен көкөністерді суық су ағынында немесе ыстық сумен

мұқият жуу керек. Әсіресе, жылулық өңдеуден өтпейтін (нан, көкөністер, жемістер және т.б.) тағамдарға пайдаланылатын азық-түліктің тазалығын қадағалап отыру өте маңызды. Барлық тез бұзылатын азық-түліктерді, дайын тағамдарды тоңазытқышта сақтау керек, яғни 8°C жоғары емес температурада. Ол суық азық-түлікке түскен микробтардың көбеюін тежейді. Шыбындардың инфекция таратушы екенін баршамыз білеміз. Сонда да олар елді мекендерде өте көп, әсіресе ауылдық жерлерде. Алайда осы жәндіктермен күрес үлкен шығынды немесе күрделі жұмысты қажет етпейді. Қоқыс жинағыштар, дөретханалар және т.б. қоғамдық орындар қаншалықты лас болса, шыбындардың көбеюіне соншалықты жағдай жасалған деуге болады. Шыбындар үйге кірмеуі үшін терезелерге тор құру және дезинсекциялық құралдарды қолдану керек.

Қарапайым гигиена ережелерін сақтай отырып, жіті ішек инфекцияларымен зақымданудан және аурудан сақтануға болады.

**М. САҒАДИЕВ,**  
**Ескелді аудандық ҚДСБ басшысы.**

# ПРОФИЛАКТИКА МЕНИНГОККОВОЙ ИНФЕКЦИИ

Менингит – опасное заболевание, это воспаление оболочек головного и спинного мозга. Болезнь может возникнуть как самостоятельно, так и в качестве осложнения другого процесса.

Существует несколько классификаций менингитов. По этиологии менингит может быть бактериальным, вирусным, грибковым; по характеру воспалительного процесса – гнойным и серозным.

Причины менингита: Чаще всего причинами менингита являются бактерии или вирусы, поражающие мягкие оболочки мозга и цереброспинальную жидкость. У детей причиной менингита становятся преимущественно энтеровирусы, проникающие в организм через еду, воду, грязные предметы. У взрослых преобладает бактериальный менингит, возбудителем которого являются бактерии Streptococcus pneumoniae и Neisseria meningitidis. Эти бактерии не вызывают менингит, находясь в горле и на носу, но попадая в кровь, цереброспинальную жидкость и мягкие ткани головного мозга, провоцируют воспаление. Менингит часто развивается в качестве осложнения различных заболеваний и травм головы.

Основные симптомы менингита: – Сильная, сопровождающаяся тошнотой и рвотой, головная боль на фоне любой инфекционной болезни. – Боли в шее и спине, особенно при движении головой, обязательно сопровождающиеся повышенной температурой тела. – Судороги в любом проявлении. – Тошнота, рвота, спутанность сознания, сонливость. – Сыпь в любом проявлении, если она сопровождается повышением температуры тела. Как защититься от менингита? Одним из наиболее эффективных

методов профилактики бактериального менингита является - вакцинация. Существуют качественные вакцины против пневмококка, менингококка и гемофильной палочки. И все они сегодня доступны. Прививка помогает организму заранее подготовиться к встрече с инфекцией. И даже если прошедшей иммунизации человек заболел менингитом, болезнь развивается не так стремительно, и шансов на выздоровление гораздо больше, к тому же появляется вероятность, что организм сможет перебороть инфекцию самостоятельно. Например, в мире уже 14 лет делают прививки против пневмококковой инфекции детям от 2-х месяцев жизни. С 2014 года вакцинация от пневмококковой инфекции включена в Национальный календарь прививок Республики Казахстан. Предупредить развитие инфекций, которые провоцируют воспалительные осложнения в организме (менингит, воспаление легких) возможно посредством вакцинации детей против гемофильной палочки типа В. Вакцинация проводится в 2,3,4,18 месяцев согласно Национального календаря прививок Республики Казахстан.

Кроме этого, для профилактики менингита необходимо выполнять элементарные правила:

– Не контактируйте с больными менингитом. (Менингит может передаваться через общую зубную щетку, полотенце, поцелуй, кашель и т.д.). – Тщательно мойте руки после контакта с менингитным больным.

**А. БЕРЛИКОЖАНОВА,**  
**ведущий специалист УООЗ**  
**Ескельдинского района.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

ЕРКІНДІК алып, күннен-күнге гүлденіп келе жатқан біздің мемлекетіміздің одан әрі ілгері дамуына кедергі жасайтын сыбайлас жемқорлықпен күресудің жаңа саясатын іске асыруға кірісті.

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты мақсаты – мемлекет және қоғам жұмысін біріктіріп, сыбайлас жемқорлықтың пайда болатын себептерін тауып, оны жоюдың жолдарын іздестіру керек. Жемқорлық - қоғам дерті. Дерттің емі - онымен күрес.

Мемлекет басшысының бастамасы бойынша 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия және оны іске асыру бойынша іс-шаралар аясында жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлықты алдын алу және жемқорлыққа қарсы тұру үшін оған барлық керекті сұрақтар енгізіледі.

Мемлекеттік қызметке ашық конкурстық іріктеу механизмі, мерикратия принциптерін жүзеге асыру жайында жұмыс жүргізіліп жатыр. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне тезбеушілікті, қоғамда оны

қабылдамау айтарлықтай нәтиже бар деп айтуға болады.

Ол үшін азаматтардың басым көпшілігі осы жұмысқа өз үлесін қосуға дайын болу керек. Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-өнегелік бейнесін нығайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға уақыт жетті. Ол үшін көптеген әртүрлі жұмыстың жолдарын қарастыру керек.

Сондықтан біз мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын орындау үшін біз қандай жағдай болмасын оның көрінісіне жол бермеуіміз керек. Өйткені, ол қазіргі заманда біздің қоғамымыз алға басыуына кедергі жасайды. Ескелді аудандық қазынашылық басқармасы ұжымы да осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

**Г. БЕКМҰХАНБЕТОВА,**  
**аудандық қазынашылық басқармасының**  
**бас маман-бас қазынашысы.**

# ПРОФИЛАКТИКА И СНИЖЕНИЕ УРОВНЯ РАЗВОДОВ СРЕДИ МОЛОДЫХ СЕМЕЙ

12 июня в 11:00 часов при поддержке Государственного учреждения «Отдел внутренней политики Ескельдинского района» в Ескельдинском районном ЗАГС-е с. Карабулак откроется «Кабинет психолога» для профилактики и снижения уровня разводов среди молодых семей. Все желающие молодые семьи могут посетить семейного психолога и поучаствовать в тренинге «Профилактика и снижение уровня разводов среди молодых семей», где можно получить консультацию по вопросам касающихся сохранению и укреплению семьи.

**А. ЗВЯГИНА.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қайнарлы ауылдық округіне қарасты Қоржымбай ауылының төрт көшесіне жаңа атау беруіне байланысты жиын 2019 жылдың 4-ші шілдесінде сағат 10.00-де Қоржымбай ауылында өтеді.

Қайнарлы ауылының әкімшілігі.

## ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің ұйымдастыруымен және демеушілердің қолдауымен «Әр-

қашан күн сөнбесін» атты мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мерекелік шара өтті. Шара барысында аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Асхат Бейісбаев балаларды айтулы мерекемен құттықтап, ұрпағымыз ру-

хы биік, жігері жалынды болып өсіп, бейбіт өміріміздің тұғыры биік болсын деген жылы лебізін білдірді.

Тақырыбы мереке сай келген салтанатты шеруде мүмкіндігі шектеулі балалар патриоттық әндер айтып, өздерінің өнерлерін ортаға салды. Оларды әрдайым демеу, қолдау көрсетіп, жылулығы мен мейірімін аямаған ата-аналары балаларының өнеріне тамсана қарады.

Жылулық пен мейірім бір арнаға тоғысқан шарада тағылымды қойылым қойылып, балалар шаттыққа бөленді. Сондай-ақ балалардың көңілін көтеру үшін сиқыршы мерекеге арнайы шақырылды. Ол балаларға әртүрлі сиқыр жасап көрсетіп, балдырғандардың қошеметіне бөленді. Шара соңында балаларға арналып мол дастарқан жайылып, төттіден дәм ұсынылды. Осындай мерекелік шараның қызықты өтуіне ұйытқы болған демеушілер: «Айдын» ЖШҚ А.Дүйсембиновқа, «JLS СҮТ» ЖШС-ның директоры О.И.Богдановаға айтар алғысымыз шексіз.

**Алима МҰРАТҚЫЗЫ.**

## ДОБРОЕ ДЕЛО ДВА ВЕКА ЖИВЕТ

В нашем районе есть питомник для бездомных собак и кошек. В питомнике созданы оптимальные условия для размещения собак. Под руководством Нурлана Бекетаева руководителя отдела ветеринарии каждый год проводятся разьянительные работы по содержанию собак и выдаются памятки жителям. В настоящее время число бездомных собак уменьшается. Так как ведется отлов собак.

С решением маслихата Алматинской области были приняты правила по содержанию собак. Те кто нарушают данные правила будут отвечать перед законом. По словам Нурлана Нурахметовича сначала года 60 человек пострадали от укуса собак, из них 34 имеют своих хозяев. Если работниками отдела ветеринарии были отловлены бездомные собаки, они привозят их в приют и 3 дня ждут хозяев собак. Если хозяева собак не объявились, то собака усыпляют. Как бы грустно это не звучало, данное действие способствует уменьшению всяких опасных болезней, которые могут причинить вред людям и скотам.

Недавно в нашу редакцию обратилась жительница села Карабулак Мария Федорова. По ее словам в нашем селе есть ребята у которых имеется добрый нрав. Мария Федорова этот добрый нрав своими глазами увидела и была поражена. Ребята проживают возле сахарного завода. Они находят бездомных собак и звонят в питомник. Работники питомника приезжают и сразу же забирают собак в питомник. Они делают такую работу ради блага нашего жителя. Зовут их Ислам Жасболатов, Олег Даренский, Вероника Балохончик, Магжан Бекбосынов, Владимир Майер. Общество должно знать таких ребят. Именно благодаря таким ребятам будет расти ряд делающих доброе дело. Мария Федорова так благодарна этим ребятам. Она вспомнила свои пионерские годы. Ведь в те года дети никогда не проводили свое время зря. Они помогали старшим, соблюдали этику и эстетику, делали добрые дела. Благодаря подвигам ребят мы убедились, что в нашем обществе есть сердечные люди.

**Алима МҰРАТОВНА.**

## ПАПА, МАМА И Я - СПОРТИВНАЯ СЕМЬЯ

Успешное выполнение важных и ответственных задач, поставленных перед войсковой частью 15603, требует повышения уровня организационной работы среди членов семей военнослужащих.



Здоровая морально-нравственная атмосфера в семьях военнослужащих во многом зависит от умения заинтересовать и стимулировать их деятельность в интересах качествен-

ного выполнения задач, в укреплении семейных ценностей и морально-психологического климата в семьях военнослужащих, что является важным условием обеспечения высокой

боевой готовности, твердой воинской дисциплины и правопорядка. В этой связи 31 мая 2019 года при поддержке командования части организован и проведен семейный спортивный праздник посвященный международному дню защиты детей «Папа, мама, я – спортивная семья».

Открытие праздника состоялось традиционно после звучания гимна Республики Казахстан, слов поздравления и напутствия участникам команд командиром войсковой части 15603, подполковником Б. Узбековым.

Задания, состоящие из нескольких конкурсов позволили участникам команд, продемонстрировать такие важные качества для семьи в воспитании подрастающего поколения, как – единство духа, солидарность, сплоченность, сноровка, ловкость, креативность, ведь иначе победы не добиться.

Победители награждены медалями, грамотами и памятными призами.

**Б. АСЫЛБЕКОВ,**  
майор, заместитель  
командира войсковой  
части по ВиИР.

## БОЛЕЕ 400 ДЕТЕЙ-СИРОТ ОБРЕЛИ СВОИХ ОПЕКУНОВ С НАЧАЛА ГОДА

С начала года в Казахстане через госкорпорацию «Правительство для граждан» было оказано 402 услуги по установлению опеки или попечительства над ребенком-сиротой (детьми-сиротами) и ребенком (детьми), оставшимся без попечения родителей.

«Правительство для граждан» напоминает, что для установления опеки или попечительства над ребенком-сиротой и ребенком, оставшимся без попечения родителей необходимо предоставить в ЦОН следующие документы:

- удостоверение личности;
- в случае, если услугополучатель состоит в браке - нотариально заверенное согласие супруга, справки о состоянии здоровья услугополучателя и супруга, подтверждающие отсутствие заболеваний в соответствии с перечнем, утвержденным приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 августа 2015 года № 692 «Об утверждении перечня заболеваний, при наличии которых лицо не может усыновить ребенка, принять его под опеку или попечительство, патронат», а также справки об отсутствии сведений о состоянии на учете в наркологическом и психиатрическом диспансерах, копия свидетельства о заключении брака, сведения о доходах услугополучателя и (или) супруга;

• копия свидетельства о рождении ребенка;

• копии документов, подтверждающих факт отсутствия попечения над ребенком единственным или обоими родителями;

• копии документов, подтверждающих право пользования жилищем услугополучателя и супруга (в случае отсутствия права собственности на жилье);

• мнение ребенка (при достижении возраста десяти лет).

Документы представляются в подлинниках для сверки, после чего подлинники возвращаются услугополучателю. Срок оказания госуслуги 19 рабочих дней. При приеме документов через госкорпорацию, гражданину выдается расписка о приеме соответствующих документов, на основании которой затем производится выдача готовых документов.

Данная услуга доступна также на портале электронного правительства egov.kz при наличии электронно-цифровой подписи.

Следует отметить, госорган может отказать в установлении опеки или попечительства в случаях, если услугополучатель не достиг совершеннолетия, признан судом недееспособным или ограниченно дееспособным, лишен судом родительских прав или ограничен в родительских правах, имеет заболевания, препятствующие осуществлению обязанности опекуна или попечителя и т.д.

Справочно:

В 2018 году через госкорпорацию «Правительство для граждан» было оказано 1 638 государственных услуг по установлению опеки или попечительства над ребенком-сиротой (детьми-сиротами) и ребенком (детьми), оставшимся без попечения родителей. В 2017 году – 1 069.

## ЕҢБЕГІНЕ АДАЛ ҚАРАҒАН ТӘРБИЕШІЛЕР



«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» дейді қазақ халқы. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының, тәрбиешісінің мінезінен, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт-дәстүр, мақал-мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар арқылы сіңіру - тәрбиешінің басты міндеті. Сәбилердің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттерін қалыптастыруға аянбай еңбек сіңіріп жүрген Алдабергенов ауылындағы «Қарлығаш» балабақшасының тәрбиешілері Э.Жүніспаева, А.Абылқасымова, Г.Әбуова, Г.Андасбаева есімдерін ерекше атап өткім келеді.

2018-2019 жылдар аралығында сәбилермен өткізген «Алтын күз», «Жаңа жыл, қош келдің», «Аналарға сәлем», «Әз-Наурыз», «Балабақша аруы», «Жігіт сұлтаны» сияқты іс-шаралар өте жоғары деңгейде өтті. Енді-енді сөйлем құрап келе жатқан сәбилерге өлең, тақпақтар, ертегілер жаттатып, ән салғызып, би билету ерекше қабілеті бар тәрбиешілердің ғана қолынан келеді деп санаймын. Менің немерем Айлиннің балабақшадан үйреніп келгеніне қарап, тәрбиешілердің еңбегіне бас иемін. 29 мамыр күні «Балбөбек» тобында балабақшамен қоштасу ертеңгілігі өте жоғары деңгейде өтті. Барлық тәрбиешілерге ата-аналар атынан алғысымды білдіре отырып, келесі өлең жолдарын арнағым келеді.

*Қанат қақты сәбилер,  
Қанаттары талмасын.  
Білімді болып биікке,  
Қыран құстай самғасын.  
Жақсы оқып мектепте,  
Балалар жолын жалғасын.  
Тәрбиеші ұстаздар  
Еңбек жолын жалғасын.  
Тәрбие деген қарлы шын,  
Бағындырып сол шыңды.  
Алып жүрсін әрдайым,  
Ата-ананың алғысын!*

**Сәуле МҰХИЕВА,**  
«Балбөбек» тобының ата-аналарының атынан.

**УТЕРЯННЫЙ кассовый аппарат.**

Марка: ОКА 102Ф.

Заводской номер: 0122270.

Регистрационный номер: 0122270.

Год выпуска: 2006 года, выданный на имя ИП «Ким», считать **недействительным.**

**ЖЕТІСУ орта мектебін 2001-2002 жылы бітіргені туралы Бердибаева Молдир Нурлыбаевнаның атына берілген № ОБ 0759860 аттестатының жоғалуына байланысты, жарамсыз деп танылсын.**

**УТЕРЯННЫЙ кассовый аппарат.**

Марка: ОКА 102Ф.

Заводской номер: 1516.

Регистрационный номер: 15495.

Год выпуска: 2005 года, выданный на имя ИП «Сапажанова», считать **недействительным.**

**Меншік иесі:**  
**«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС**  
директор  
**Жанахмет Мырзахметұлы**  
**ИСАБАЕВ.**  
Директордың телефоны 3-04-75  
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жума күні шығады.

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru**  
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г кәулігі берілген. Регистрационное свидетельство по № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500  
Қарабулак ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 4000  
Тираж 4000  
Тапсырыс 724  
Көлемі 2  
баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка К. Алимхановой.